

## Жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 46-8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қазанда № 5175 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 7-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 30.09.2016 № 7-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

“Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жалағаш ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)” Қазақстан Республикасының Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемесі бес есеге жоғарылатылсын.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық  
мәслихатының XLVI сессиясының  
төрағасы*

*Д. БАЙМАХАНОВ*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*“Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік  
кірістер департаментінің Жалағаш ауданы  
бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы”  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*А. Айдыханов*

*“23” қыркүйек 2015 жыл.*

*Жалағаш аудандық  
мәслихатының  
хатшысы*

*К. СҮЛЕЙМЕНОВ*

